

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Фердинанд де Соссюр  
«Жалпы лингвистика курсы»



**Мақсаты:** тіл табиғатын тілдік таңбалар тұрғысынан талдап түсіндіру, еріктік және сызықтық ұстанымдарды дәйектеу, адамның сөйлеуі арқылы таңбалардың психологиялық табиғатын талдау.

**Кілт тіркестер:** тілдік таңба, еріктік ұстанымы, тілдік таңбаның сызықтығы, тіл жүйе ретінде.

**Негізгі идеялар:**

- Фердинанд де Соссюр – заманауи лингвистикалық ғылымның негізін қалаушы.
- «Жалпы лингвистика курсының» тіл білімі бағыттарын дамытудағы орны.
- Тілдік таңба табиғаты.
- Тілдік таңбаның еріктілік және сызықтық ұстанымдары.
- Сөйлеу және дыбыстық бейнелердің психологиялық сипаты.
- Семиология мәселелері.

Бүгін біз Фердинанд де Соссюр еңбектерімен танысуды бастамақпыз. Бұл есім сіздерге структурализм теориясы арқылы таныс. Фердинанд де Соссюр – швейцар ғалымы, лингвист, қазіргі лингвистика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, сондай-ақ структурализмнің ғылыми әдістемесін дамытушы. Соссюрдің теориялық еңбектері тіл біліміндегі жаңа бетбұрыс деп бағаланды, себебі – ғылыми зерттеулер тілді тарихи – салыстырмалы зерделеуден тілдік синхрония мәселесіне ойысты. Талдау ұстанымдары белгілі бір уақыт аралығындағы тілдік өзгерістерге негізделді.

Соссюр алғашқылардың бірі болып тіл біліміндегі синхрониялық бағыт пен диахрониялық зерттеулерді ажыратты. Бұл лингвистика ғылымындағы төңкеріс ретінде бағаланды. Соссюр тұжырымдары XX ғасырдағы ең маңызды лингвистикалық зерттеулердің жүзеге асуына мүмкіндік берді.

Ф. де Соссюр 1857 жылғы 26 қарашада Женевада, француз эмигранттары отбасында дүниеге келді. 18 жасында Соссюр Германиядағы Лейпциг университетіне түсіп, 1880 жылы доктор дәрежесіне ие болды. Кейін Францияға көшіп келіп, 1881–1891 жылдар аралығында Париждің Жоғары зерттеулер мектебінде санскрит тілінен сабақ берді. Осы жылдары Соссюр Париж лингвистикалық бірлестігінің хатшысы қызметін атқара жүріп, тіл білімі ғылымының дамуына көп ықпал етті. 1906–1911 жылдар аралығында Соссюр Женева университетінде салыстырмалы грамматика мен жалпы тіл білімінен дәріс оқыды. Лейпциг университетінде жүргенде, 1878 жылы «Үнді-европа тілдеріндегі дауысты дыбыстардың алғашқы жүйесі туралы мемуар» атты еңбегін жарыққа шығарды, сол арқылы өз заманының танымал тілшілері қатарынан орын алды. Таза құрылымдық тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, Соссюр үндіеуропа пратілінің өзіндік фонемалары болғанын және олардың уақыт өте келе өзге үндіеуропа тілдерінде жойылып кеткенін байқады. Бұл болжам ларингальды теория, яғни жойылған фонемалардың «ларингаль» деп аталған ұғымынан бастау алған мәселелермен сабақтасқан тұжырымдар қатары деп аталды. Кейін осы ойлар үнді-европа тілдерінің фонологиялық жүйесін және эволюциялық дамуын түсінуге септігін тигізді. Бүгінде ларингальды фонемалардың болғаны туралы ғылыми факт дәлелдеуді қажет етпейді. Соссюр дүние салғаннан кейін хет тіліндегі ларингаль фонемалар анықталды.

Соссюрдің маңызды еңбектері қатарында 1916 жылы жарық көрген «Жалпы лингвистика курсы» зерттеуін атаймыз. Шәкірттерінің ғалым жазбалары мен дәрістерін жинақтау барысында дайындаған бұл кітабы бүгінде лингвист ғалымдар арасында кеңінен танымал. Шарль Балли мен Альберт Сеше сияқты шәкірттерінің арқасында Соссюрдің ойлары мен идеялары ғылыми қауымға жол тартты. Сөйтіп зерттеушінің тіл табиғаты мен лингвистиканың мақсат-міндеттері туралы құнды пікірлері маңызы зор жаңа бағыттың негізін қалады (1).

Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» біраз ғылым салаларындағы – антропология мен әлеуметтанудан бастап, пәлсапа мен мәдениеттануға дейінгі зияткерлік талпыныстарды трансформациялады. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Соссюрдің тілге деген қарым-қатынасын ағзаға деген ықыласпен өлшеуге болады. Ғалымның тіл ерекшеліктері туралы ойлары өмірдегі қызметінен гөрі, сөз табиғатымен анықталады. Автор сөздердің атауыштық қызметін басшылыққа ала отырып, оларды өзгеше құбылыстар қатарына шығармайды, тек



тілдің табиғатын нысан ретінде дәйектей келе, оны өзара тығыз байланысқан бөлшектердің қосындысы ретінде қарастырады, тіл қызметін де осыдан өрбіте талдайды.

Соссюр тілді сөйлеу әрекетінің шынайы практикалық көрінісі ретінде емес, жүйе тұрғысынан сипаттады. Оған негіз ретінде тілдің жүйе деп ұғынылуы алынды. Автор сөз атаулы таңба, олар заттардың сипаттамасы емес деген құнды қорытынды жасады. Таңба – бұл шығарылатын дыбыс. Сурет немесе идея да әр түрлі дыбыстардың жиынтығын құрай келе, адам санасына баламалы таңба арқылы қабылданады. Сонымен қатар, Соссюр таңбалар әр түрлі байланыстар жігінде және баламалар тізбегінде болады деп тұжырымдады. Айталық, автор келтірген мысалда «мысық» деген сөздің мағынасы оның атауыштық қызметімен қоса талданады. Бұл сөздің өз таңбалары, өз дыбыстары болғандықтан, ол басқа сөзбен не басқа затпен шатастырылмайды деп есептеледі. Таңбаның өзіндік дыбыстық идентификациясы немесе сәйкестігі бар, сондықтан да ол өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Кейін Соссюрдің «тілде сәйкестік жоқ, айырмашылықтар бар» деген ойдан туындаған тұжырымы постструктурализм ойшылдарына ықпал етті.

Бүгін біз «Жалпы лингвистика курсының» кейбір мәселелерін тілге тиек етпекпіз. Бұл тақырып келесі дәрістің де бағытын құрайды, себебі еңбекте ұсынылған проблемалар жіктемесі тек тіл білімі үшін ғана емес, гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдардың басым көпшілігіне қызық әрі маңызды.

Әңгіме тілдік таңба ұғымынан өрбиді. Ғалымның айтуы бойынша: «Кейбір адамдар тілді тек атауыштық үдеріс ретінде қабылдаумен шектеледі. Сөздер заттар мен құбылыстардың атауымен ғана анықталатын болған» (2). Бүгінгі күні бұл тұжырым сыни талқылаудың нысанына айналып отыр. Оның аясында дайын идеялар жиынтығы көрініс тауып, зат пен оның атауы арасындағы байланыс шынайы болжаммен дәйектеліп келді, ал атаудың акустикалық немесе психологиялық ерекшеліктері ескерусіз қалып отырды. Соссюр осы бір қарапайым көзқарасбзді шындыққа жақындата алар деп түсіндірді, себебі тілдік бірлік екі жақты құрылым, екі мәселені тоғыстыратын термин деп анықталды. Кез келген әңгіме құрылымына назар аударар болсақ, аталған ұғымдар терминдік жүйеде де әрі психологиялық, әрі баламалы ассоциативті байланыстар сабақтастығын құрай алатынына көз жеткізуге болады. Зерттеушінің ойынша, тілдік таңбаны ұғым мен дыбыстық немесе акустикалық бейненің жиынтығы деп қарау қажет... Еңбекте «акустикалық бейне дегеніміз – материалдық дыбыс емес, ол дыбыстың психологиялық белгісі, әсер ету құралы, сезім тудыратын өзгешелігі деп танылу керек» деген оймен дыбыстық бейненің сенсорлық қабілеті негізделді. Материалдық ерекшелік тек өзге «баламалы» деген ұғымға қарсы қойыла сипатталу керек, өйткені ол абстракт деп есептелді. Автордың талдауына сүйенер болсақ, дыбыстық бейненің психологиялық сипатына адам өз сөйлеу әрекетін бақылау арқылы көз жеткізе алады. Соссюр: «Еріндерін немесе тілін қозғалтпай-ақ, адам өз-өзімен әңгімелесе алады немесе ойша өлең шумақтарын оқып қайталай алады. Тілдің негізін құрайтын сөздер дыбыстық, акустикалық бейнелер ретінде қарастырылатындықтан, «фонемалар» туралы әңгіме қозғамаған жөн. «фонация әрекетін немесе актісін» білдіретін бұл термин «сөйлеудің ішкі бейнесін іске асыруда» ғана қолданылуы керек», – деп жазды (3). Дискурстағы ішкі образдың танылуы осы жағдайда жүзеге асырылмақ.

Жоғарыда аталған бірліктер бір-бірімен тығыз байланысты әрі бірін-бірі еске салады. Лингвистикалық таңба анықтамасы терминология туралы мәселені сұрақ етіп қояды. Ғалым ұғым мен дыбыстық бейненің үйлесімді тұтастығын таңба деп атады. Алайда қарапайым қолданыста термин тек дыбыстық бейненің қатысымен шектеліп отырды. Кез келген сөз белгілі бір ұғымды білдіре отырып, тұтастықты айқындайтын сенсорлық бөліктер идеясымен айқындалып ұсынылады.

1-ұстанымға сәйкес, тілдік таңба табиғатын түсіндіру кезінде анықтаушы мен анықталушы арасындағы байланысты ерікті деп қабылдау қажет деген тұжырым жасалады. Себебі таңба білдіретін затпен баламалы қатынас арқылы тұтастық құрайды. Таңбалардың ерікті қасиетін ешкім жоққа шығармайды, бірақ кейде шындықты анықтау оңай болғанмен, оның орнын нақтылау әлде-қайда қиын болып жатады. Бұл ұстанымға тіл білімінде басымдық беріледі, оның шындыққа ұласуы да сөзсіз деп білеміз.

Семиология ғылым деп қабылданғанда, оның құрамына табиғи сипаттағы пантомима сияқты бейнелеу амалдарын, қосуға бола ма деген сұрақ туындады. Жаңа ғылым нысан ретінде



барлық таңбалық жүйелерді қамту керек деп есептелді. Шын мәнінде, қоғамда қолданылатын барлық таныту не білдіру амалдары ұжымдық әдеппен не конвенциямен негізделіп келді. Айталық, сыпайылық түрлерінің астарында табиғи бейнелеу тәсілдері байқалып жатады, дегенмен тәртіп пен әдептің басымдығы анық көрінеді. Мысалы: көз алдыңызға өз императорын қарсы алған қытайлықтың басын тоғыз рет жерге жеткізе ііп амаңдасқан сәтін елестетіңіз. Адамдар көп жағдайда қимыл-әрекеттерді олардың ішкі құндылықтарына емес, қабылданған ережеге сай орындап жатады. Толығымен ерікті деп саналатын таңбалар семиологиялық сипаттағы белгілерді неғұрлым жақсы жеткізе алады деп түсіндіріледі. Осыған орай, тіл күрделі де әмбебап жүйе деп танылады. Соссюр бұл жағдайда лингвистика семиологияның нақты бір жүйесі болғанына қарамастан, оның барлық бағыттарына үлгі бола алады деп білді.

«Символ» сөзі лингвистикалық таңбаны білдіру үшін қолданылады. Басты белгілерінің бірі – ол ешқашан толық ерікті бола алмайды. Символ әрдайым анықтаушы және анықталушы нысандар арасындағы байланысқа негізделеді. Мысалы, әділдік белгісін білдіретін «таразы» басқа сөзбен, айталық, екі дөңгелекті арбамен ауыстырылмайды.

Ерікті сөз де өз деңгейінде түсіндіруді қажет етеді. Таңбаны таңдау тек сөйлеушінің еркі деп ойлауға болмайды. Кейінірек сіздер адамның таңбаны өзгерте алмайтындығына көз жеткізесіздер. Таңба тілдік бірлікпен қабылданады. Еріктілік анықталған затпен байланыспайды десек те болады. Дыбысқа еліктеу арқылы жасалатын еліктеуіш сөздер мен одағайлар тұрлаусыз мағынаға ие, олардың символдық шығу тегі талқылауға, қайта қаралуға, келіспеуге лайық.

2-ұстанымға сәйкес анықталатын мәселе – таңбалардың сызықтық табиғаты. Акустикалық таңба уақытқа сәйкес анықталады, сондықтан оған тән қасиеттер қатарын келесі сипаттамалар жүйелейді: (а) оның өз диапазоны немесе мөлшері бар; (ә) диапазон сызықпен өлшенеді.

Екінші ұстаным сөзсіз дұрыс болса да, оның қарапайым сипатына қарай отырып, ғалымдар мойындай қойған жоқ. Таңбаның сызықтығы – басты ұстаным. Оның маңызы тілмеханизмі толық тәуелді болатын 1-ұстаныммен бірдей деп бағаланады. Бірнеше өлшеммен топталатын визуалды белгілерге қарағанда (мысалы: навигациялық сигналдар), дыбыстық таңбалардың өлшемін тек уақыт құрайды. Оның элементтері реттілікпен орналаса отырып, бір-бірімен байланысқан тізбек құрайды. Бұл тізбек әсіресе жазбаша нұсқада байқалады. Бұл кезде графикалық белгілердің кеңістікпен өлшенетін сызығын уақытпен жүйеленетін реттілік анықтайды.

Кейде анықтайтын белгінің сызықтық табиғаты, ғалым тұжырымдағандай, әсіресе, буынға келгенде айқын болмай жатады. Бұл тұста одан да маңызды мәселенің тоғысуы байқалатындай көрінеді. Дегенмен Соссюр оны иллюзия деп атайды, өйткені автордың айтуына қарағанда, буын мен оның екпіні бір фонациялық әрекетті немесе актіні құрайды. Әрекет ішінде екіұдайылық жоқ, олардың арасында тек бір-біріне жақын элементтердің қайшылығы байқалады (3).

Соссюр: «Егер білдірілетін ұғымға сәйкес анықтайтын ұғым еркін деп саналса, сол ұғымдарды қолданылатын тілдік ұжымда бұл еркіндік жоқ», – деп жазды. Осылайша кітаптың тағы бір мәселесі өз бастауын алады. Ол – таңбаның тұрақты және өзгермелі сипаты. Бұл ретте автор адамдардың тілмен бекітілген ұғымдарды ауыстыруға не басқасын таңдауға мүмкіндігі жоғын атап көрсетеді. Өз-өзіне қайшы келетін Бұл фактіні «еріксіз қадам» деп атауға болады. Тілге: «Таңда!» деп айтып алып, «Тек осы таңба ғана бола алады, басқаға таңдау жоқ» дегендей әсерде боласың. Бірде-бер адам жүзеге асырылған таңдауды өзгерте алмайды. Тіпті тұтас қоғамдастық сөздерді бақылай алмайды, өйткені ол бар тілге байлаулы болады. Нәтижесінде қоғамдастық қабылдаған таңба сілтеме жасалатын ереже емес, аксиома деп танылады. Осыған орай, ең алдымен тілдік таңбаны неге бақылауға болмайтынын анықтап алу керек. Содан кейін барып бұл мәселенің маңызды салдарын сабақтастыруға болады.

Бұдан жасалатын тұжырым: біз таңдаған кезеңге қарамастан, қаншалықты кейінге, өткен өмірге бұрылуға дайын екенімізді ескерсек те, тіл бізге дейінгі кезеңнің мұрасы деп бағаланады. Соссюр адамдар қабылданған құжатты да, сол кезеңді де, шарттарды да, олардың мағынасы мен дыбыстық бейнесі арасындағы байланысты да көз алдына елестете алар, бірақ олардың ешқайсысы жазылған дәйектемесіз маңызды емес деп түсіндірді. Бұл дәйектемесіз жасалған болжам адам санасының таңба табиғатына қатысты ерікті белгісі ғана бола алады.



Соссюр: «Бірде бір қоғам тілдің бастауында тұрған жоқ, оның пайда болуы туралы анық айта алмайды, тіл тек дайын өнім ретінде, ұрпақтан ұрпаққа жеткен мұра ретінде белгілі. Біз оны сол қалпында қабылдаймыз. Осыған орай, тілдің шығу тегін білу де біз ойлағандай аса маңызды бола қоймас. Тіл білімінің ең құнды нысанын күнделікті қолданыстағы оралым немесе идиома анықтау керек. Белгілі бір тілдік жағдай тарихи күштердің өнімін құрай отырып, таңбаның неге өзгермейтінін, неге кез келген ерікті өзгеріске қарсылық білдіретінін анықтай алады» (2), – деп жазды.

Әрине, бұл сұрақтарға сан қилы жауап табуға болар. Мысалы, ұрпақтар бірінен соң бірі тарих сахнасына шыға отырып, үйлесімді сабақтастық құрайды деуімізге болады немесе әр ұрпақ әр түрлі жастағы адамдарды қамтитындықтан, тілдік өзгерістер ұрпақтар сабақтастығына тәуелсіз деп те жорамалдауға болады. Ана тілін меңгеру кезіндегі адам баласына тән ерекшеліктерді де еске түсіруге болады. Сөйтіп, әлемді өзгертуге болмайды деп қорытынды шығаруға болар. Сөйлеушілер көп жағдайда тілді автоматты түрде пайдалана отырып, оның заңдылықтарына мән бере бермейді. Онда тіл заңдылықтарын білмей тұрып, оларды қалай өзгертуге болады деген қарсы сұрақ туындайды. Біле тұра да, ешқайсысы тілді сынайтын дәрежеде болмас, себебі адамдардың көбісі бабадан мұра болып жеткен тілімен қанағаттанады.

Айтылған ойлар маңызды болса да, өзекті емес. Дегенмен өзге тұжырымдардың дамуы осы мәселелермен тығыз байланысты. Тілдің ерікті сипаты оны өзгерістерден қорғайды деп түсіндіріледі, себебі кез келген талқылау нысанының нақты да дәйекті негізі болу керек. Тілді сан алуан өзгерістерден сақтайтын фактор ретінде таңбалардың көп болуы аталады. Айталық, жазба жүйесі 20-дан 40-қа дейінгі әріптер санынан тұрады және кез келген уақытта басқа жүйемен алмастырылуы мүмкін. Егер тіл де осындай нақты да шектеулі бірліктерден тұрса, оны да өзгертуге болар еді. Бірақ тілдік таңбалар шексіз көп.

Тіл дегеніміз – жүйе. Демек, ол толығымен ерікті бола алмайды деген сөз. Белгілі бір деңгейде тіл логика заңдылықтарына тәуелді. Барлық адамзаттың тілдік өзгеріске қатыса алмайтыны да анық, өйткені тіл өте күрделі құрылым немесе механизм. Тілді тек әлеуметтік күштердің нәтижесі деп қарау жеткіліксіз, сол арқылы да тілдің толығымен еріктілер қатарынан орын ала алмайтыны анықталады. Тіл – алдыңғы ұрпақтың қалдырған мұрасы, ол қоғаммен тығыз байланыста дамиды және екеуін бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды.

Уақыт тілдің үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін бірлік ретінде тілдік сипаттардың тез өзгеруіне де әсер етеді. Осыған орай, біз тілдің әрі тұрақты, әрі өзгермелі сипаттары туралы да сөз ете аламыз. Екеуі де бір-бірімен тығыз байланысты: таңба өзгеріске ұшырай отырып, мәңгілік бола алады. Барлық жағдайларда ескерер мәселе – тіл тарихының сақталуы, оның өткенін жоққа шығара алмайтынымыз. Нәтижесінде өзгеру ұстанымы үзіліссіз деген қорытынды жасалады. Уақыт категориясына бағынған өзгерістер әр түрлі пішіндерге ие болады, олардың әрқайсысы лингвистиканың жеке тарауы болатындай маңызды.

Біз сіздерге тіл табиғатын оның адамзат білімі жүйесіндегі орнын нақтылай отырып және таңбалар жиынтығын талдау арқылы түсіндіруге тырыстық. Таңбаларды адам өзгерте алмайды, оны тек өткеннің мұрасы ретінде қабылдайды деген тұжырым жасалды. Соссюрдің таңбалар жүйесіндегі еркіндік пен сызықтық ұстанымдары, шын мәнінде, ғылыми қауым арасында қызығушылық тудырды. Сол арқылы уақыт категориясы мен тіл жүйесінің сабақтасуын зерделеу мүмкіндігі пайда болды. Талдау нысанын көп нәрсе құраса да, әлі де көп танып білуіміз қажет нәрселер бар. Таңбалар жүйесінің пайда болу, даму ұстанымдары – өз алдына үлкен әлем. Осыған орай, біз Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» атты еңбегімен таныстығымызды жалғастырамыз. Біз сіздерге статикалық және эволюциялық лингвистика туралы баяндай отырып, синхрондық және диахрондық үдерістердің тіл ғылымындағы орны мен қызметін айқындаймыз.

## Бақылау сұрақтары

1. Заманауи лингвистика ғылымының дамуындағы Фердинад де Соссюрдің қызметі мен рөлі қандай?



2. Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» еңбегі қандай маңызды жаңалықтармен ерекшеленеді?
3. Тілдік таңбаның табиғатын қалай сипаттауға болады?
4. Тілдік таңбаның еріктік және сызықтық ұстанымдарын сипаттап беріңіз.
5. Тілдік дыбыстардың психологиялық сипаты адамның сөйлеу әрекетінде қалай көрініс табады?
6. Семиология ғылым ретінде қандай мәселелерді зерттейді?

### **Қолданылған дереккөздер**

1. [http://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye\\_nauki/lingvistika/SOSSYUR\\_FERDINAND.html](http://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/SOSSYUR_FERDINAND.html)
2. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 153–162 беттер.
3. Фердинанд де Соссюр. Курс общей лингвистики.// Научный редактор М. Э. Рут. Екатеринбург, Издательство Уральского университета, 1.